

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің кейбір ұйымдастырушылық мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 28 желтоқсан N 1751 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1443 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің құрылымын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының шекті штаттық санын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 8 қазандағы N 1018-74 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Орталық органның аппараты" деген жолдағы "1903" деген сан "1929" деген санмен ауыстырылсын;

оның ішінде:

"Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті" деген жолдағы "146" деген сан "172" деген санмен ауыстырылсын;

"Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын аумақтық ішкі істер органдарының аппараты мен бөлімшелері" деген жолдағы "20 320" деген сан "20 514" деген санмен ауыстырылсын;

оның ішінде:

"Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын аумақтық қылмыстық-атқару жүйесі органдарының аппараты мен бөлімшелері" деген жолдағы "356" деген сан "550" деген санмен ауыстырылсын;

"Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ведомстволық бағыныстағы ұйымдар" деген жолдағы "39 243" деген сан "40 314" деген санмен ауыстырылсын;

"Түзеу мекемелері" деген жолдағы "11 218" деген сан "11 682" деген санмен ауыстырылсын;

"Жиыны" деген жолдағы "96 893" деген сан "97 577" деген санмен ауыстырылсын.

2. Қосымша санды ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап республикалық бюджеттен жүргізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі осы қаулыны іске асыру жөніндегі шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК